

## **Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды және пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы**

### **Күшін жойған**

Алматы облысы Ақсу ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 22 желтоқсандағы № 508 қаулысы. Алматы облысы Әділет департаментінде 2017 жылы 9 қантарда № 4060 болып тіркелді. Күші жойылды - Жетісу облысы Ақсу ауданы әкімдігінің 2024 жылғы 22 ақпандағы № 97 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Жетісу облысы Ақсу ауданы әкімдігінің 22.02.2024 № 97 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі).**

"Халықты жұмыспен қамту туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабының 7), 8) тармақшаларына, "Ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру үйымдарының тұлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды, пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарын квоталау қағидаларын бекіту туралы" 2016 жылғы 26 мамырдағы № 412 Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің бүйрекшіне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 13898 тіркелген) сәйкес, Ақсу ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Үйымдық-құқықтық нысанына және меншік нысанына қарамастан үйымдар үшін тізімдік санының екі пайзы мөлшерінде бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды және пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Корғанбаев Сәбит Бейсебековиче жүктелсін.

3. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі.

Ақсу ауданының әкімі

Ә. Далбагаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК